

### **Бүлент БАЙРАМ**

Док., проф. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институты / Қыркларели университеті,  
Қазіргі түркі тілдері және әдебиеті кафедрасы  
e-mail: bulentbayram01@hotmail.com ORCID: 0000-0001-7284-9597

### **Чуваш республикасының мемлекеттік рәміздері арқылы мифологиялық нышандардың қайта жаңғыруы\***

#### **Аңдатпа**

Кеңес өкіметі құлағаннан кейін посткеңестік мемлекеттері тәуелсіздігімен қайта қауышып жатқанда, автономиялық республикалар Ресей Федерациясына тәуелді мемлекеттер ретінде қайта құрылды. Осы автономиялық республикалар кеңестік символдармен көмкерілген тулардың орнына Кеңес тарқағаннан кейінгі дәуірде жаңа туларын қабылдады, өздерінің жаңа елтаңбаларын белгіледі. Автономиялық республикалардың өздерінің таңдаған тулары мен туларында қолданылған символдарының мағынасы арасында айырмашылықтар болды. Әдеттегідей аталмыш мемлекеттерде де әр халықтың тарихи оқиғаларынан, мифологиясынан, мемлекеттің территориясынан, діни сенімдерінен және мәдениетінен хабар беретін символдардан тұратын тулар дайындалып мемлекеттің жоғары билік органдарында бекітілді. Мақалада Чуваш Республикасының мемлекеттік рәміздеріндегі чуваш мифологиясының және мәдениетінің көріністері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Чуваш туы, чуваштардың мемлекеттік рәміздері, чуваш мифологиясы, чуваш туы және мифология

### **Bulent BAYRAM**

Prof. Dr. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Research Institute of Turkology / Kırklareli University, Department of Contemporary  
Turkish Dialects and Literatures e-mail: bulentbayram01@hotmail.com  
ORCID: 0000-0001-7284-9597

### **The Revival of Mythology in the State Symbols of the Chuvash Republic**

#### **Abstract**

After the collapse of the Soviet Union, the republics affiliated to the union gained their independence, while the autonomous republics have been restructured as republics

---

\*Бұл мақала 2020 жылы желтоқсан айының 24-25 күндері өткен Халықаралық Білге Тоныкөк симпозиумына ұсынылған және проф., док. Нергис Бирай, проф., док. Мехмет Вефа Налбант, док. Сема Эйнел редакторлығымен «Халықаралық Білге Тоныкөк Симпозиумының мақалалар жинағында» (41-49 бет) жарияланған «Чуваш Республикасының мемлекеттік рәміздерінде мифологияның қайта тірілуі» атты баяндаманың толықтырылған нұсқасының аудармасы.

affiliated to the Russian Federation. Autonomous Soviet republics, which were created with Soviet symbols during the Soviet period, adopted new flags instead of old flags and created new state arms. The flag preferences of the autonomous regions and the sources of the symbols they used in their flags were also different from each other. As in the rest of the world, flags made up of symbols referring to historical events, mythologies, country geography, religious symbols and folk culture were prepared and accepted by the competent bodies of the republics. In this paper, the reflections of Chuvash mythology and folk culture on the state symbols of the Chuvash Republic will be discussed.

**Keywords:** Chuvash flag, Chuvash state symbols, Chuvash mythology, Chuvash flag and mythology

### **Кіріспе**

Ту және әнұран бір мемлекеттің мемлекет екенін көрсететін негізгі нышандар болып табылады. Алайда әрдайым бұларды тәуелсіздіктің нышаны деп кесіп айту мүмкін емес. Мақалада тәуелсіздік пен тәуелсіздік ұғымын қай бағытта қолға алу керектігі жөніндегі мәселе барынша күрделі болғандықтан осы мәселені шешуге арналған даулы пікір айтқалы отырған жоқпыз. Негізгі мақсатымыз чуваштардың бастауын кеңес дәуірі кезінен алатын тулары және мемлекеттік елтаңбаларының тарихы және қазіргі жағдайы туралы чуваш халқының мифологиясы, халықтық наным-сенімдерін негізге ала отырып, кейбір дүниелерге байланысты сырлардың басын ашу болып табылады.

Түрік тілі қоғамының сөздігінде *байрақ* сөзінің алты түрлі мағынасы бар деп көрсетеді. Бізге қатысты мағынасы «Бір халықтың, белгілі бір қауымның немесе бір ұйымның нышаны ретінде қолданылған, түсі және пішінімен ерекшеленетін, әдетте тіктөртбұрышты болатын мата, санжақ (жалау)» түрінде баяндалады (URL 1). Сөздікте елтаңба сөзінің де екі мағынасын көрсетеді. Біздің мақаламызға қатысты мағынасы «Бір мемлекеттің, бір әулеттің немесе бір қаланың нышаны ретінде қабылданған сурет, әріп немесе таңба, онгон» түрінде берілген (URL 1). Мақаламыздың өзегіне айналып отырған Чуваш Республикасы мемлекеттік рәміздері де осы мағыналарына сәйкес талданатын болады.

Кеңес өкіметі құлағаннан соң Кеңес дәуірі кезіндегі автономиялық кеңестік социалистік республикалар Ресей федерациясы қарамағындағы мемлекеттер ретінде қайта құрылды немесе федерация құрды. Осы кезеңде автономиялық кеңестік республикалары кеңестік символдармен бейнеленген бұрынғы туларының орнына жаңасын қабылдады. Автономиялық республикалардың өздеріне лайықты қабылдаған тулары мен елтаңбаларында қолданылған символдарының

мағынасы арасында айырмашылықтар байқалды. Әдеттегідей, аталған мемлекеттерде де әр халықтың тарихи оқиғаларынан, мифологиясынан, мемлекеттің территориясынан, діни сенімдерінен және мәдениетінен хабар беретін символдардан тұратын тулар дайындалып, мемлекеттің жоғары билік органдарында бекітілді. Мақалада Чуваш Республикасының Мемлекеттік рәміздеріндегі чуваш мифологиясының және мәдениетінің көріністері қарастырылады. Бұл туларды қабылдау кезінде, әлбетте Ресейдің жоғары билігінің таңдауы, бағыттауы және мәжбүрлеуі де орын алды.

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақалада Чуваш Республикасының Кеңес Үкіметі құрылғаннан бастап қолданылып келе жатқан туы мен елтаңбасындағы өзгерістер мифологиялық, тарихи және идеологиялық мағыналары жағынан қарастырылады. Осы жақтан алғанда мақалада түрлі әдіс-тәсілдер қолданылған деуге болады. Кеңес дәуірінен соңғы еркіндіктің арқасында көне дәстүрлер мен ұлттық бояу қайта тірітіліп, жаңғыртыла отырып ту және елтаңбада елеулі өзгерістер пайда болды. Бір жағынан идеологиялық қысымшылықтың жойылуынан соң шектеулі болса да ұлттық мәдени құндылықтарға қайта оралуға мүмкіндік туды. Осыған байланысты феноменологиялық тұрғыдан символдық түсініктеме әдістері қолданыла отырып, қолда бар материалдардағы символдық өзгерістерге анализ жасалады.

### **Чуваш Республикасы, туы және елтаңбасы**

Чуваштардың тарихи тұрғыдан хұндармен, бұлғарлармен, Еділ бұлғарларымен қатысты екені айтылады. Алайда ғалымдар әлі күнге тарихи деректерге сүйене отырып, шекарасы, туы, билеушілері дәл анықталған Чуваш мемлекеті туралы нақты тұжырым қабылдай алған жоқ. Чуваш тарихшыларының көп сөз етіп жүрген Бұлғар мемлекетімен, әсіресе Еділ Бұлғар мемлекетімен чуваштардың байланысы жайында жеткілікті деректің болмауынан бұл мәселе даулы болып табылады. Еділ бұлғарларынан соң Алтын Орда және Қазан хандығы кезеңдерінде бұл мемлекеттердің қарамағында болған чуваштар Еділдің орта ағысын орыстардың жаулап алуының нәтижесінде Ресей құрамына кірді. 1917 жылы кеңестіктердің төңкерістерінің нәтижесінде Ресей империясы құлап, жаңа бір кезең басталды және чуваштар алғаш рет саяси және дербес билікке қол жеткізіп, тарих сахнасына шықты. Бұл жерде тоқталып отырған тақырыптың әрбірі дау тудыратындай күрделі мәселелердің жиынтығы

десек болады. Бұларды дәл қазір егжей-тегжейлі түсіндіріп беру мүмкін емес. Біздің мақаламыздың негізгі мәселесі – Кеңес үкіметі орнағанға дейін чуваштардың тарихи дереккөздері арқылы дәлелденген ту, елтаңба, жалау секілді тәуелсіздікті айғақтайтын нышандарының болмағаны жайында болмақ.

Жоғарыда түсіндіріп өткеніміздей, 1920 жылы 24 маусымда Чуваш автономиялық облысының (Чувашская автономная область) құрылуы чуваштардың тарихында маңызды орын алды. Бұл автономиялық облыс 1921 жылы 21 сәуірде Чуваш Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы (Чувашская АССР) болып өзгертілді. Одан соң 1990 жылы 19 қазанда Чуваш Социалистік Республикасы (Чувашская ССР) және ең соңында 1992 жылы 13 ақпанда Чуваш Республикасы (Чувашская Республика) деп аталды. Чуваш Республикасының Ата Заңы 2000 жылы қабылданды (URL 2).

Чуваш автономиялық облысы құрылғаннан кейінгі кезеңдерде Кеңес идеологиясының аясында болса да, чуваштар өздерінің туы мен елтаңбасына ие болды. Чуваш АССР-нің елтаңбасы және туы Республика Мәжілісінің 1927 жылы 30–31 наурызда өткен конгресінде қабылданды. Конгресте елтаңба мен тудың Ресейдің атақты жазушысы, суретші және фотограф П.Е.Мартенс тарапынан әзірленген нұсқалары таңдалды [1].



*Чуваш АССР-нің 1927–1931 жылдардағы мемлекеттік елтаңбасы мен туы [1, 444-б.] (URL 3)*

Туда қызыл түстің бетінде күн сәулелерінің арасында бір-бірімен қиғашынан беттескен орақ пен балғаның суреті орналасқан. Күн сәулелері, ортасында орақ және балға, оң жағы масақпен, ал сол жағы емен және қарағай бұтақтарымен қоршалған. Бұлар күннің бетінде бір-біріне бірлестіріліп баумен байланған. Бұл баудың бетіне чуваш тілінде *Пётём тёнчері пролеттарисем, пёрлешёр!* [Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!] деген сөйлем жазылған. Ал орақ

пен балғаның үсті жағында бір жұлдыз орналасқан. Елтаңбаны жиегін қоршаған шеңбердің сол жағында *Чăвашсен Автономлă Сотс. Сов. Респунлĕкĕ* [Чуваш Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы] және оң жақта *Чувашская Авт. Совет. Соц. Республика* деп республиканың орыс тіліндегі атауы, осы шеңбердің астында *Россійская Советская Федеративная Социалистическая Республка* [Ресей Советтік Социалистік Республикалар Федерациясы] тіркесінің *РСФСР* түріндегі қысқартылған нұсқасы жазылған. Мұнда чуваштарға қатыстылары чуваш тіліндегі ұран мен мемлекеттің атынан басқа тек емен ағашының бұтағы болып табылады. Бұл мәселеге байланысты мақаламыздың кейінгі бөлімдерінде, яғни емен ағашының чуваш мәдениетіндегі рөліне тоқталған тұста сөз етілетін болады.

Ал ту болса қызыл түсті кеңістіктің бетіне айшықталған. Тудың сол жақ бұрышында тіктөртбұрышты кеңістік бар және осы кеңістіктің айналасы чуваш халқының ұлттық нақыштарымен өрнектелген. Тіктөртбұрышты кеңістіктің іші ақ түсті болып, оның ортасында Чуваш Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының әрі чуваш, әрі орыс тілдеріндегі қысқа атауы ЧАССР және оның үстіңгі сол жақ бұрышында орақ пе балға салынған.



*Чуваши АССР-нің 1931-1937 жылдар арасындағы мемлекеттік елтаңбасы және туы [1, 444-б.] (URL 3)*

Чуваштардың 1931 жылдан бастап қолданыла бастаған мемлекеттік елтаңбасы мен туында орын алған кейбір өзгерістер назар аудартады. Елтаңбадағы күн, күн сәулелері, орақ, балға, жұлдыз, бидай масағы, емен мен карағай бұтағы және оларды біріктіріп тұрған лентадағы *ПĔТĔМ ТĔНЧЕРИ ПРОЛѢТАРИСЕМ, ПĔРЛЕШĔР!* деген жазу бұл нұсқада да байқалады. Нұсқаның айналасындағы шеңбердің сол жағындағы чуваш тіліндегі *Чăвашсен Автономлă Сотс. Сов. Респунлĕкĕ* тіркесінің бұрынғысы сақталған; шеңбердің оң жағындағы

*Чувашская Авт. Совет. Соц. Республика* сөзі және олардың астындағы *Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика* [Ресей Советтік Социалистік Республикалар Федерациясы] тіркесінің қысқарған РСФСР сөзі жаңа нұсқада да бар. Бұл нұсқадағы ең басты өзгеріс тудың бетіндегі қызыл түсті кеңістік қызғылт түске өзгертілген.

Ал тудағы өзгерістер біршама назар аударарлықтай. Бұрынғы қолданыстағы туда орналасқан чуваш нақыштарымен өрнектелген тікөртбұрышты қоршау алынып тасталыпты. Қызыл кеңістіктің сол жақ жиегінде қиғаштата біріктірілген орақ пен балға және олардың астыңғы бөлігінде ЧАССР сөзі бар. Тудың үстіңгі жағында *Пётём тёнчери пролетарисем, пёрлешёр!* ұраны жазылған. Бұл сөз алдыңғы туда жоқ болатын. Туда чуваштарға тиесілі екенін көрсететін чуваш тіліндегі ұраннан өзге ешқандай белгі жоқ.



*Чуваш АССР-нің 1937-1954 жылдар арасындағы мемлекеттік туы (URL 3)*

Міне осылайша Кеңес өкіметі кезінде мемлекеттік рәміздерге жиі-жиі өзгерістер енгізілгені байқалады. Бұл өзгерістердің себептері де дербес бір зерттеу жұмысының тақырыбы боларлықтай дәрежедегі мәліметтер ұсына алады. Бір жағынан әрбір өзгеріс кезінде жергілікті халықтың ұлттық құндылықтарына тән белгілердің біртіндеп шетке ысырыла бастағанын көруге болады. 1937 жылы Ата Заңға сәйкес жасалған кейбір өзгерістер бойынша ЧАССР-дің туы РСФСР-дің туына ұқсас жасалды. Қызыл түсті кеңістіктің сол жақ бұрышына сары әріптермен РСФСР, оның астына *Чувашская / Чăваш А.С.С.Р.* деп жазылды. 1937 жылға дейінгі кезеңде жергілікті құндылықтар аз да болса қолданылып отырғанын көрсек, 1937 жылғы қабылданған ту нұсқасында бұларды барлығы алынып тасталған. Туды чуваштармен байланыстаратын жалғыз белгі чуваш тілінде жазылған Чăваш атауы болды. Тіпті қысқарған *А.С.С.Р.* сөзінің өзі чуваш тілінде де, орыс тілінде де бірдей жазылған.



*Чуваши АССР-нің 1954 жылы қабылданған туы [1, 444-б.]*

1954 жылы тағы да өзгертілген тудың қызыл бөлігінің сол жағына жоғарыдан төмен қарай ашық көк түсті бөлік қосылды. Қызыл кеңістіктің сол жағының үстіңгі бөлігіне орақ, балға және жұлдыз орналасты. Оның астында да автономиялық республиканың чуваш және орыс тілінде жазылған *Чувашская АССР* және *Чăваш АССР* сөздері жазылды.




*Чуваши АССР-нің 1978-1992 жылдар арасындағы мемлекеттік елтаңбасы [1, 444-б.]*

Чуваши АССР-нің мемлекеттік елтаңбасы 1978 жылы да өзгертілді. Мұның алдындағы елтаңбадағы белгілерді шеңберлеген бөлік, емен және қарағай ағаштарының бұтақтары толықтай алынып тасталды. Бейнелер ақ түсті кеңістіктің үстіне өрнектеліп, күн, орақ, балға осы ақ түсті кеңістіктің ортасына орналастырылған қызыл түсті кеңістіктің бетіне салынған. Ал жұлдыз осы қызыл кеңістіктің үстіндегі ақ түсті кеңістікке түсірілген. *РСФСР*, *Чăваш АССР* және *Чувашская АССР* атаулары да осы қызыл түсті кеңістіктің бетіне салынған. Бұрынғы елтаңбадағы еменнің де алып тасталуы арқылы жаңа нұсқада қандай да бір чуваштарға тән белгі қалмады.

Мақаламыздың осы жерге дейінгі бөлігінде Кеңес өкіметі кезеңіне дейінгі тулар мен елтаңбалар сипатталды. Көріп отырғанымыздай, чуваштардың Кеңес өкіметіне дейінгі дәуірде қолданған тулары мен елтаңбалары туралы тарихи дереккөздері арқылы дәлелдеуге болатындай қандай да бір мәліметке де қол жеткізу мүмкін емес.

Бәрімізге белгілі Кеңес өкіметі құлағаннан кейін осы одаққа ие кейбір мемлекеттер тәуелсіздіктерін жариялап жатқанда, кейбірі Ресей Федерациясына тәуелді мемлекеттер ретінде өмірлерін жалғастырды және осылардың ішінде Чуваш Республикасы да болатын. Чуваш Республикасы Мәжілісінің 1992 жылы 29 сәуірдегі шешімі бойынша Чуваш Республикасының жаңа елтаңбасы және туы қабылданды. Осыған байланысты Чуваш Республикасының Ата Заңына да бірталай өзгерістер енді. Ресей Федерациясының 208 нөмірі бойынша тіркелді. Чуваш Республикасы Президентінің 2004 жылы 19 сәуірдегі қаулысына сәйкес 29 сәуір әр жыл сайын Чуваш Туы күні болып тойланып келеді (URL 4).

1997 жылы 14 шілдеде Чуваш Республикасының Мемлекеттік Мәжілісінде Чуваш Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне байланысты заң қабылданды. Ресей Федерациясының қарамағындағы ел ретінде Чуваш Республикасының рәміздері болып Чуваш Республикасының Мемлекеттік туы, Чуваш Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы және Чуваш Республикасының Мемлекеттік Әнұраны белгіленді (URL 5). Чувашияның Мемлекеттік елтаңбасы мен туының авторы – Элли Михайлович Юриев<sup>1</sup> (1936-2001).



*29 сәуір 1992 жылғы мәжілісте қабылданған Чуваш Республикасының Мемлекеттік туы (URL 3)*

<sup>1</sup> Юриев суретші, графикашы және әртүрлі танбалар мен эмблемалардың авторы. Кеңестік Суретшілер Одағының мүшесі болған Юриев – өз саласы бойынша жүздеген туындыны өмірге әкелген өнерпаз. Чуваш Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен туының авторы ретінде чуваштар үшін көрнекті тұлға болып саналады [2, 697–698-бб.].



Сары және қызыл түстерден тұратын чуваш туының негізгі белгілері чуваш халқының мифологиясына және діни сенімдеріне негізделген. Сары және қызыл түстер чуваштардың ең сүйікті түсі ретінде саналады. Бұл түстер чуваштар үшін әдеміліктің және жарықтың символы болып табылады. Алтын және күнге теңелетін сары түс байлықтың, әділеттің, мейірімділіктің, мәңгіліктің, жомарттықтың, қуат пен адалдықтың символы ретінде қабылданады. Алайда бұл түс чуваштар үшін ең алдымен әдемілікті білдіретін түс ретінде ерекше бағаланады. Ал қызыл түс – абырой, қуат және ерліктің символы. Тудың үлкен бөлігінде орналасқан жоғарыдағы сары түс күнді бейнелесе, тудың төменгі бөлігіндегі қызыл түсті кеңістік чуваштардың мекендеген территориясының топырағының түсін көрсетсе керек<sup>1</sup>.

Тудың жоғарыда атап өткен бөліктерінің жоғарғы, орта және төменгі әлемді бейнелеп тұрғанын да айта кету керек. Осы пікірдің дұрыстығын растайтын дәлелдердің бірі туда орналасқан өмір ағашының суреті болып табылады. Өмір ағашы [чувашша: *Ама йывіҫ* (ана ағаш)], тудың біршама жерін алып тұр<sup>2</sup>. Өмір ағашы чуваш халқы үшін киелі саналатын емен ағашымен беріледі. Емен ағашы – чуваш халқының мәңгілік халық екенін көрсететін символ. Әлемде емен ағашы болса чуваштардың өмір сүре береді деген сенімі бойынша өмір ағашы бейнеленген. Ал өмір ағашы дегеніміз чуваштардың дүниетанымында емен саналады. Күштілігі және беріктігімен де танымал емен ағашымен чуваштардың мәңгілік халық ретіндегі болмысы біріктірілген. Осы өмір ағашы символы басқа да мағыналармен де түсіндіріледі. Чуваш және татар халықтары мен Чувашиядағы орыс, марий секілді көрші халықтардың ынтымақтастығын бейнелейді деген секілді түсіндірмелерде кездесіп жатады.

Чуваш туындағы өмір ағаш бес түрлі элементтен тұрады. Бұл символдың ортасынан басталып, жоғары жағында симметрик екі бөлікке бөлінген негізгі кеуде бөлігі Чуваш Республикасында өмір

<sup>1</sup> Чуваш тілінде «отан» мағынасында қолданылатын “*Şir-şiv*” [жер-су] ұғымының белгісі саналатын әрі адамға айналдырылған бір рухты және де атамекеннің топырағын бейнелейтін *Нигіҫ* *Şig* (қызыл йар) сөзі де чуваш мифологиясында жер жүзін қызыл түсті деп танығанын көрсетеді [3, 449–450-бб.].

<sup>2</sup> Чуваш мифологиясында жоғарғы әлем ағашы мен дүние ұғымына байланысты кеңірек білігіңіз келсе қараңыз: Ашмарин [4, 322–323-бб.]; Егоров [5, 109–147-бб.]; Мэсзэрос [6, 55–80-бб.]; Сергеев [7, 697–698-бб.]; Матвеев [8, 237–238-бб., 9, 290–297-бб.]; Yavuz [4, 193-204, 5, 110-117].

сүріп жатқан чуваш халқын бейнелейді. Яғни Чуваш Республикасының 70 пайызын [4, 193–204; 5, 110–117] қамтитын халық осы негізге бөлік арқылы суреттелген. Ал негізгі кеуде бөліктің екі жағынан ұзарған бөліктер Чувашия территориясынан басқа жерлерде мекендеп жатқан чуваштарды көрсетеді.

Осы тұста мынадай нәрсеге де назар аудару керек. Қазіргі таңда саны бір жарым миллион шамасындағы чуваштардың жартысы ғана Чуваш Республикасында өмір сүріп жатыр. Қалғандары Башқұртстан, Татарстан, Мордова және Мари Эл секілді республикаларда және де Ресей Федерациясының әртүрлі облыстарында, тіпті бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған басқа да елдерде ғұмыр кешуде.

Өмір ағашының жоғарғы бөлігінде бір, ал оң және сол жағының біршама астына бөлігіне таю жерде бір-біріне симметрик орналасқан екі жұлдыз бар. Өмір ағашының айналасында орналасқан және айналасы қызыл, ішкі кеңістігі сары түсті үш жұлдыз, күнді, яғни күннің сәулесін бейнелеп тұр. Осы сегіз бұрышты жұлдыздардың санының үш болуы да чуваш халқының «Бар едік, бармыз, бар бола береміз!» ұранын білдіріп, көне замандардан келешекке дейін созылған «мәңгілік» аңызының тудағы көрінісі болып табылады. Осындай ұранға айналған сөздер чуваш ақыны Петир Хусангайдың *Эпир пулнй, пур, пулаттйр!* [Бар едік, бармыз, бар бола береміз!] атты өлеңіндегі [10, 181–182-бб.] ойлардың таңба түріндегі белгісі.<sup>1</sup>

Чуваш туы чуваш халқының мәдени құндылықтарын негізге алып отырып жасалған. Көріп отырғанымыздай тарихи оқиғалардан бұрын мифологиялық құндылықтарға сүйенгені байқалады. Бәлкім чуваштардың XVI ғасырдан бұрынғы тарихының бұлыңғыр болуы, талай ғалымның айтып жүргеніндей чуваш халқының дау-талас тудырмайтындай тарихын көрсететін ешқандай дерек көзінің болмауы мифологиялық белгілерді таңдауына себеп болса керек.<sup>2</sup> Тарихи деректердің күмәнді болуы мифологиялық танымдардың алға шығуын

---

<sup>1</sup> Мэзсаростың чуваштардың арасынан жинаған күнге байланысты мәліметтері бойынша күннің үш түрлі нақыштағы суретінің халық мәдениетіндегі орнын көрсетуі өте маңызды: «Қыстың суық таңғы күндерінде күннің сәулесі екі жақтан қанат секілді көрінеді. Чуваштар бұл кезге байланысты “hível şunatlansa tuhni” [Күн қанаттанып туды] дейді. Екі жағынан көрінетін қызыл сәулелер күннің қанаттары (hível şunaçı). Дәл осы құбылысқа байланысты “vişi hível tuhni” [үш күн туды.] дейді, екі жақтаудағы қызыл сәулелер де дәл сондай ұғым тударады. Солтүстік чуваштары бұл оқиғаны “hível holhi” [күн құлағы] деп атайды. Сонымен қоса “hível uri”-nden [күннің аяғы] деп аталады. Өмірінде көп қиындық көрген, түрлі соққылар алған адамдар үшін “hível uri pusni” [күннің аяғы басты] немесе «үстіне күн түсті» дейді [6, 73-б.].

<sup>2</sup> Bu nedenle Çuvaş folklor araştırmalarında tarih anlatmalarına büyük önem verilmiş ve aynı şekilde bu anlatmalar ideolojik olarak kullanılmıştır. Bk. Yavuz 2021b [6, 75–86-б.].

қамтамасыз етті деуге болады. Ал ту қазіргі кезде жылдам жойылып бара жатқан және басқа халыққа сіңісіп бара жатқан чуваштардың емен секілді берік болуының және ғасырлар бойғы мәңгілік өмір идеясының шындыққа айналуы жолындағы маңызды символикалық мағынаны бойына жинап тұр.



*29 сәуір 1992 жыл Чуваш Республикасы мәжілісінде  
қабылданған мемлекеттік елтаңбасы (URL 3)*

1992 жылы 29 сәуірде қабылданған Чуваш Республикасының мемлекеттік елтаңбасы да сары және қызыл түспен көмкерілген. Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, қалқан түріндегі кеңістікте чуваш туындағы өмір ағашы суреті орналасқан. Ал қалқанды айнала қоршап тұрған жарты шеңбер түріндегі транспарант бетіне *Чуваши Республика - Чувашская Республика* [Чуваш Республикасы] деп жазылған. Транспаранттың жоғары екі ұшында чуваштардың күнделікті өмірінде маңызды орын алатын құлмақ өсімдігінің жапырақтары және қозалары салынған. Қалқанның үстіңгі бөлігінде қызыл түспен қоршалған үш сары түсті жұлдыз орналасқан. Чувашияның мемлекеттік рәміздерінің арасында орын алатын мақалада арнайы талданбаса да Чуваштардың әнұраны жайында тілге тиек ете кеткен абзал. Әнұранның әуені Герман Лебедев [11], ал сөздері СССР Жазушылар одағының мүшесі Илья Семенович Семеновтің [12] *Тайван Сёршыы* атты өлеңінен алынған.

Әнұранның мәтіні мен әуені чуваш халқының әндеріне өте ұқсас. Әнұран мәтінінің жанры және мазмұны мақаламыздың негізгі нысанына жатпайды. Алайда Орхон ескерткіштеріндегі *йир-суб* ұғымын қазіргі күнге дейін өлтірмей келе жатқан чуваш тіліндегі

*çёршив* сөзінің Отан мағынасында қолданылуы және бұл сөздің чуваш әнұранында негізгі өзек болуы назар аударарлық.

### **Қорытынды**

Чуваш тарихына байланысты еңбектерде чуваштардың хұндардан бастап қазірге дейін өздерін, әсіресе, Кубрат ханның Бұлғар Мемлекеті мен чуваштардың қазіргі территориясында құрылған Еділ Бұлғар Мемлекетімен байланыстыратындарын байқауға болады. Дегенмен Орта Еділ аймағын орыстардың жаулап алуына дейінгі тарихи дереккөздерінде чуваштардың бүгінгідей аталмауына және чуваш тіліндегі мәтіндердің Ресей бодандығы кезінде пайда болғандықтан олардың өткен өміріне байланысты эпсаналардағы оқиғаларын тарихи деректерге сай деп айту мүмкін емес. Бұл жағдай Кеңес дәуірінен кейінгі кезеңдегі мемлекеттің ұлттық рәміздерін зерделеу барысында да байқалады. Чуваштар кейбір түркі халықтары секілді бұдан бұрын құрған мемлекеттерінің туы, жалауы, әнұраны секілді мемлекеттік рәміздерін өзгертпестен қайта тірілту мүмкіндігіне ие бола алмады. Сондықтан Кеңес дәуірінде режимнің талаптарына орай стандарт ту мен елтаңбаға ие болған чуваштар үшін өздерінің ұлттық негіздеріне анық көрсетудің бір ғана жолы ретінде халық мәдениетін, әсіресе, мифологиясын еске түсіруді қалады. Туында, мемлекеттік елтаңбасы мен әнұрандарында мифологиялық түсініктердің орын алуы осыған байланысты болып келеді. Пайда болу, өмір сүру және келешекте де бар болу ниетіне негізделген мифологиялық белгілер мемлекеттік елтаңба мен туда көрініс береді. Бұл белгілерді чуваш халқының өмір сүру үшін күресі мен өздерінің мәдени байлығын көрсету тұрғысынан тәп-тәуір ұтымды нұсқа ретінде бағалауға болады. Кеңес дәуірі кезеңіндегідей ту және елтаңбаға байланысты өзгерістердің Ресей Федерациясы кезеңінде орын алмағанын көруге болады. Алайда федерацияның конституциясында аймақтардың статустарына байланысты өзгерістері, автономиялық республикалардың осындай өзгерістердің нәтижесінде уақыт өткен сайын шешім қабылдау кезінде орталыққа тәуелділіктің артуы секілді мәселелерде айтарлықтай өзгерістер болды. Осы өзгерістердің келешекте мемлекеттік туға, елтаңбаға және әнұранға әсері тиіп-тимауына байланысты екіұдай пікірлердің бар екенін тілге тиек ете отырып, бұл мәселені басқа бір мақалаға өзек боларлық тақырып екенін атап өткіміз келеді.

**Әдебиеттер**

1. Ткаченко В.Г. “Государственные символы Чувашской республики”, Чувашская энциклопедия, ч. 1, 2006. с. 444–445.
2. Викторов Ю.В. “Юриев Элли Михайлович”, Чувашская энциклопедия, С. 4, Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 2011. с. 697–698.
3. Yavuz Cemalettin. “Çuvaş Kültür Mitleri”. Uluslararası Toplum ve Kültür Araştırmaları Sempozyumu (3-5 Ekim 2019) Tam Metin Bildiriler Kitabı, (Ed. Mustafa Aça), Çanakkale: Toplum ve Kültür Araştırmaları Derneği Yayınları, 2019. с. 441–464.
4. Yavuz Cemalettin, “Çuvaş Geleneksel Dünya Görüşünde Kutsal Düzenin İnşası: Timir Karta 'Demir Avlu' Uygulaması”, Çuvaş, Dili, Edebiyatı ve Halkbilimi Çalışmaları (İvan Ya. Yakovlev'in 170. Doğum Yılı Dönümü Anısına), Nobel Bilimsel Eserler, Ankara, 2019, s. 193- 205. (Yavuz 2019b)
5. Yavuz Cemalettin. Çuvaş Mitleri ve Efsaneleri. Ankara: Bengü Yayınları, 2021. (Yavuz 2021a)
6. Yavuz Cemalettin. “Çuvaş Folklorunda Tarih Anlatmaları”. Turkologiya, No: 3, 2021, 75-86 (Yavuz 2021b)
7. Ашмарин Н.И. Словарь чувашского языка. (Vip. IV). Чебоксары: Типография чувашская книга, 1929.
8. Егоров Н.И. “Чувашская мифология”. Культура чувашского края. ч. I: Учебное пособие, (подготов. М. И. Скворцов), Чебоксары: ЧКИ, 1995. 109–147.
9. Месарош Дюла. Памятники старой чувашской веры (перев. Юдит Димитриева), Чебоксары: ÇGİGN. 2000.
10. Сергеев Й.В. “Ама”. Чувашская мифология: Этнографический справочник, Чебоксары: ЧКИ, 2018.
11. Матвеев Г.Б. “Pĭlĭt”, Чувашская мифология: Этнографический справочник, Чебоксары: ЧКИ, 2018a. 236-238.
12. Матвеев Г.Б. “Şĭr”, Чувашская мифология: Этнографический справочник, Чебоксары: ЧКИ, 2018б. с. 290-292.
13. Павлов С. Д. Чиваш литературин антологий. Поэзий, Шубашкар: ЧКИ, 2013.
14. Илюхин Ю.А. Лебедев Герман Степанович, Чувашская энциклопедия, т. 2, Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 2008. с. 424-425
15. Родионов В.Г. Тукташ Илия Семенович, Чувашская энциклопедия, ч. 4, Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 2011. с. 276.

**References**

1. Tkachenko V.G. “Gosudarstvennye simvoly Chuvaşskoi respubliki”, Chuvaşskaia ensiklopedia, ch. 1, 2006. s. 444–445.
2. Viktorov İu.V. “İuriev Elli Mihailovich”, Chuvaşskaia ensiklopedia, С. 4, Cheboksary: Chuvaşskoe knijnnoe izdatelstvo, 2011. s. 697–698.
3. Yavuz Cemalettin. “Çuvaş Kültür Mitleri”. Uluslararası Toplum ve Kültür Araştırmaları Sempozyumu (3-5 Ekim 2019) Tam Metin Bildiriler Kitabı, (Ed. Mustafa Aça), Çanakkale: Toplum ve Kültür Araştırmaları Derneği Yayınları, 2019. s. 441–464.
4. Yavuz Cemalettin, “Çuvaş Geleneksel Dünya Görüşünde Kutsal Düzenin İnşası: Timir Karta 'Demir Avlu' Uygulaması”, Çuvaş, Dili, Edebiyatı ve Halkbilimi Çalışmaları (İvan Ya. Yakovlev'in 170. Doğum Yılı Dönümü Anısına), Nobel Bilimsel Eserler, Ankara, 2019, s. 193- 205. (Yavuz 2019b)

5. Yavuz Cemalettin. Çuvaş Mitleri ve Efsaneleri. Ankara: Bengü Yayınları, 2021. 110–117 (Yavuz 2021a)
6. Yavuz Cemalettin. “Çuvaş Folklorunda Tarih Anlatmaları”. Turkologiya, No: 3, 2021, 75-86 (Yavuz 2021b)
7. Aşmarin N.İ. Slovar çuvaşskogo iazyka. (Vıp. IV). Cheboksary: Tipografia çuvaşskaia kniga, 1929.
8. Egorov N.İ. “Çuvaşskaia mifologia”. Kültura çuvaşskogo kraia. ch. I: Uchebnoe posobie, (podgotov. M. İ. Skvorsov), Cheboksary: ChKİ, 1995. 109–147.
9. Mesaroş Dİla. Pamätniki staroi çuvaşskoi very (perev. İudit Dimitrieva), Cheboksary: ÇGİGN. 2000.
10. Sergeev İ.V. “Ama”. Çuvaşskaia mifologia: Etnograficheski spravochnik, Cheboksary: ChKİ, 2018.
11. Matveev G.B. “Pİlİt”, Çuvaşskaia mifologia: Etnograficheski spravochnik, Cheboksary: ChKİ, 2018a. 236-238.
12. Matveev G.B. “Şİr”, Çuvaşskaia mifologia: Etnograficheski spravochnik, Cheboksary: ChKİ, 2018b. s. 290-292.
13. Pavlov S. D. Çİvaş literaturin antologi. Poezi, Şubaşkar: ChKİ, 2013.
14. İlühin İu.A. Lebedev German Stepanovich, Çuvaşskaia ensiklopedia, t. 2, Cheboksary: Çuvaşskoe knijnoe izdatelstvo, 2008. s. 424-425
15. Rodionov V.G. Tuktaş İlia Semenovich, Çuvaşskaia ensiklopedia, ch. 4, Cheboksary: Çuvaşskoe knijnoe izdatelstvo, 2011. s. 276.

#### Интернеттен алынған мәліметтер

URL 1 <https://sozluk.gov.tr> (Алынған күн: 05.12.2020)

URL 2 [www.enc.cap.ru/?t=world&lnk=4](http://www.enc.cap.ru/?t=world&lnk=4) (Алынған күн: 05.12.2020)

URL 3 <https://flag-gerb.ru/chuvashskaya-respublika-chuvashiya> (Алынған күн: 05.12.2020)

URL 4 <http://www.cap.ru/chuvashia/o-chuvashii/gosudarstvennaya-simvolika/ot-19-aprelya-2004-g-n> (Алынған күн: 05.12.2020)

URL 5 <http://www.cap.ru/chuvashia/o-chuvashii/gosudarstvennaya-simvolika/ot-14-iyulya-1997-g-n> (Алынған күн: 05.12.2020)

#### Özet

Sovyetler Birliđi'nin yıkılışından sonra birliđe bađlı cumhuriyetler bađımsızlıklarına kavuşırken özerk cumhuriyetler Rusya Federasyonu'na bađlı cumhuriyetler olarak yeniden yapılandırılmıştır. Sovyet sembolleri ile oluşturulmuş bayrakların yerine Sovyet sonrası dönemde bu otonom cumhuriyetler yeni bayraklarını kabul etmiş, yeni devlet armalarını belirlemişlerdir. Özerk bölgelerin bayrak tercihleri, bayraklarında kullandıkları sembollerin kaynakları da birbirinden farklı olmuştur. Dünya genelinde olduđu gibi, söz konusu özerk bölgelerde de tarihî olaylara, mitolojilere, ülke cođrafyasına, dinî sembollere ve halk kültürüne göndermeler yapan sembollerden oluşan bayraklar hazırlanarak cumhuriyetlerin yetkili organlarında kabul edilmiştir. Bildiride Çuvaş Cumhuriyetinin devlet sembollerine Çuvaş mitolojisinin ve halk kültürünün yansımaları ele alınacaktır.

**Anahtar Kelimeler:** Çuvaş bayrađı, Çuvaş devlet sembolleri, Çuvaş mitolojisi, Çuvaş bayrađı ve mitoloji  
**(B.Bayram, Çuvaş Cumhuriyeti Devlet Sembollerinde Mitolojinin Yeniden Dirilişi)**

**Аннотация**

После распада Советского Союза республики, входящие в союз, обрели свою независимость, в то время как автономные республики были преобразованы в республики, входящие в состав Российской Федерации. Вместо флагов с советской символикой данные автономные республики в постсоветский период приняли свои новые флаги и определили свои новые государственные гербы. Предпочтения флагов автономных регионов и источники символов, которые они используют на своих флагах, также отличаются друг от друга. Как и во всем мире, в этих автономных республиках были подготовлены флаги, состоящие из символов, отсылающих к историческим событиям, мифологии, географии страны, религиозным символам и народной культуре, которые были приняты уполномоченными органами республик. В данной статье будут обсуждаться отражения чувашской мифологии и народной культуры на государственных символах Чувашской Республики.

**Ключевые слова:** чувашский флаг, государственные символы Чувашии, чувашская мифология, чувашский флаг и мифология

**(Б. Байрам. Возрождение мифологии в государственных символах Чувашской Республики)**